

Сөрелік нөмір

Спорттық іс-шараның атауы

«Бірінші болу – батылдық» КҚ

(Халықаралық жүгіру жарысын ұйымдастырушыға)

**Денсаулық және қатысу туралы қолхат
ҚОЛХАТ**

*қатысушы жарыс өткізу кезінде 18 жасқа толмаса, оны ата-анасы және/немесе басқа да заңды
өкілдері толтырады
(өз қолымен толтырылады)*

Мен, _____
(ата-анасының және/немесе заңды өкілінің аты-жөнін толық көрсету керек)

ЖСН _____, жеке басын куәландыратын құжат: (жеке
куәлік, тұруға ықтиярхат, төлқұжат) (керегінің астын сызу керек)

№ _____, (берілген күнін және берген мекемесін көрсету керек)

« _____ » _____ ж., _____
тарапынан берілген, заңды өкілімін және/немесе ата-анамын (керегінің астын сызу керек)

(кәмелетке толмағанның аты-жөнін көрсету керек)

_____ жылы туған, ЖСН (бар болса) _____

баламның 2026 жылғы «__» _____» өткізілетін
«Бірінші болу — батылдық» КҚ (бұдан әрі – «Ұйымдастырушы») ұйымдастыратын
«_____» 2026 (қашықтық: _____) жүгіру
жарысына (бұдан әрі – «Жарыс») қатысуына өз келісімімді беремін.

Осы арқылы:

- 1) Ұйымдастырушының <https://www.almaty-marathon.kz/> сайтында (бұдан әрі – «Сайт») орналастырылған Жарысты өткізу туралы Қағидамен балам екеуіміз танысқанымызды растаймыз және оны сақтауға толықтай келісеміз;
- 2) баламның дәрігерде медициналық куәландырудан өткенін және жарысқа қатысуға қарсы көрсетімдері жоқ екенін растаймын және Жарыс өткізілетін күнге қарай/Жарыс өткізілетін күні баламның денсаулығы нашарлаған жағдайда Жарысқа қатыстырмауға міндеттенемін;
- 3) Жарыстың күрделілігін ұғынамын және түсінемін, сондай-ақ баламның мәлімделген Жарыс қашықтығын жүгіріп өтуі кезінде техникалық білімі мен тәжірибесі жеткілікті екенін және жарысқа қатысу үшін физикалық тұрғыдан және ақыл-ойы жағынан дайын екенін мәлімдеймін
- 4) баламның Жарысқа қатысуы нәтижесінде баламның денсаулығы үшін қолайсыз салдар туындауы мүмкін екенін түсінемін, өз баламның қауіпсіздігі мен денсаулығы үшін жауапкершілікті толығымен өзіме аламын.
- 5) Ұйымдастырушы менің балам қайтыс болған немесе балам жарысқа қатысушы ретінде жарақат алған жағдайда, баламның меншігінің жоғалуы немесе зақымдануы кезінде, сондай-ақ Жарыс кезінде болған Жарысқа қатысушы ретінде менің баламның кез келген физикалық залалдары үшін жауапты болмайтынын растаймын, сондықтан мен Жарыстың Ұйымдастырушысына (оның қызметкерлеріне) және демеушілерге

қойылатын қандай да бір материалдық және өзге де кінәрат-талаптар мен талаптардан ерікті түрде және біле тұра бас тартамын. Бұл шағымдардан бас тарту ықтимал мұрагерлеріме және қамқоршыларыма таралады және жарыс өткізілгенге дейін, жарыс кезінде және одан кейін әрекет етеді;

- 6) Мен растаймын: Жарыс кезінде мен және менің балам ешқашан және ешқандай жағдайда өзге қатысушыларға, Ұйымдастырушыға, Жарыс демеушілеріне, сондай-ақ үшінші тұлғалар мен олардың мүлкіне қандай да бір зиян келтіруі мүмкін жағдайларды қасақана туындатпаймыз. Сондай-ақ келтірілген кез келген залалды толық көлемде өтеуге міндеттенемін;
- 7) Ұйымдастырушының «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңын сақтауы мақсатында, баламды Жарысқа қатысуын тіркеу үшін:
 - Ұйымдастыру комитетінің сұрау салуы бойынша осы қолхат бойынша ақпаратты растайтын құжаттарды (өзімнің және баламның) ұсынуға келісемін;
 - Ұйымдастырушының сайтында баламның Жарысқа қатысуы тіркеу нысанын толтыра отырып және Ұйымдастырушыға осы қолхат бойынша ақпаратты растайтын құжаттарды ұсына отырып, Жарыс Ұйымдастырушысына берілетін баламның дербес деректерін тек менің баламды Жарысқа қатысуға тіркеу мақсатында ғана жинауға, өңдеуге, пайдалануға және сақтауға өз келісімімді беремін;
- 8) Қазақстан Республикасы Азаматтық Кодексінің 145-бабына сәйкес, Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 15-бабы 8-тармағының талаптарын ескере отырып, «Бірінші болу — батылдық» КҚ спорттық іс-шараларын, сондай-ақ Ұйымдастырушының қызметін танымал ету мақсатында төмендегілерге өз келісімімді беремін:
 - баламның Жарысқа қатысуы және менің Жарысқа қатысуым барысында Ұйымдастырушының және/немесе Ұйымдастырушының атынан және/немесе мүддесінде әрекет ететін үшінші тұлғалардың менің және баламның суретін бейнеге жазуына және суретке түсіруіне (фотосурет және/немесе бейнеролик);
 - Ұйымдастырушыға менің және баламның есімін, сондай-ақ Жарыс аясында түсірілген менің және баламның бейнесін пайдалану құқығын беремін. Сонымен қатар осы бейнелерді және/немесе Сайыс барысында алынған өзге де аудио-, видео, фотоматериалдарды кез келген тәсілмен және кез келген құралмен мерзімсіз және территориялық шектеусіз жариялау, көбейту, тарату және пайдалану құқығын беремін. Оған интернетте, Ұйымдастырушының ресми ресурстарында орналастыру, БАҚ-та жариялау, сондай-ақ спортты және қайырымдылық бастамаларын ілгерілетуге бағытталған жарнамалық, ақпараттық, әлеуметтік және өзге де мақсаттарда пайдалану кіреді.
- 9) Мен алдын ала және сөзсіз **Өткізушіге** (Ұйымдастырушыға) өз атымнан және баламның атынан әрекет етуге келісім мен өкілеттік беремін. Бұл өкілеттік үшінші тұлғалар тарапынан бейнеміздің заңсыз пайдаланылуы орын алған жағдайда менің және баламның құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға бағытталған, оның ішінде:
 - заңсыз әрекеттерді тоқтату жөнінде талаптар мен шағымдар жолдау;
 - сотқа және өзге де уәкілетті органдарға жүгіну;
 - заңсыз орналастырылған бейнелер мен материалдарды (жарияланымдарды) жоюды және бұғаттауды талап ету;
 - өтемақы өндіріп алу, оның ішінде моральдық зиян үшін өтемақы талап ету.

Ұйымдастырушы әрбір жағдайда аталған шараларды қолдануға міндетті емес және олардың орындылығы мен көлемін өз қалауы бойынша анықтайды. Осы келісімді өз

атымнан және баламның атынан берген Сайыс қатысушысы Ұйымдастырушы мұндай шараларды қабылдамаған жағдайда оған шағым қоюға құқылы емес.

- 10) Осы қолхатқа қол қою кезінде есірткілік, уытқұмарлық, алкогольді мас күйде болмағанымды, денсаулық жағдайым бойынша құқықтарымды жүзеге асыра және қорғай алатынымды және міндеттерімді орындай алатынымды, қол қоятын құжаттың мәнін түсінуіме кедергі жасайтын ауруларға шалдықпағанымды растаймын, сондай-ақ жаңылысу, алдау, зорлық-зомбылық, қорқыту, арам ниетті келісу немесе ауыр жағдайлардың тоғысуы ықпалында еместігімді растаймын.
- 11) Өз қолымен жазылмаған қолхат үшін Ұйымдастырушы жауапты бермейді
- 12) Мен растаймын, мәлімдеймін және кепілдік беремін: қатысушының енгізген қате немесе шындыққа сай емес деректерімен байланысты барлық тәуекелдер толықтай менің мойнымда, сол арқылы барлық қауіп-қатерлер мен тәуекелдерді өзім, әрекетке қабілетті тұлға ретінде, толықтай қабылдаймын..
- 13) Қолхатқа үшінші тұлғалардың қол қоюы, сондай-ақ дәйексіз дербес деректерді беруі тіркелу жарнасын қайтармай, Жарысқа қатыстырудан бас тартуға негіз бола алады.

Осы құжаттың мәтінін мен дербес оқыдым, мазмұны менің нақты мақсаттарым мен ниетіме сәйкес келеді, құжаттың мәні мен құжаттың заңдық салдары маған түсінікті.

Қолхат жасалған күн: « ____ » _____ 2026 ж.

Қолы: _____